

ISSN 2518-1483 (Online),
ISSN 2224-5227 (Print)

2017 • 4

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

БАЯНДАМАЛАРЫ

ДОКЛАДЫ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

REPORTS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ЖУРНАЛ 1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 1944 г.
PUBLISHED SINCE 1944



Бас редакторы
х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі **М.Ж. Жұрынов**

Редакция алқасы:

Адекенов С.М. проф., академик (Қазақстан) (бас ред. орынбасары)
Боос Э.Г. проф., академик (Қазақстан)
Величкин В.И. проф., корр.-мүшесі (Ресей)
Вольдемар Вуйцик проф. (Польша)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Гордиенко А.И. проф., академик (Белорус)
Дука Г. проф., академик (Молдова)
Илолов М.И. проф., академик (Тәжікстан),
Леска Богуслава проф. (Польша),
Локшин В.Н. проф. чл.-корр. (Қазақстан)
Нараев В.Н. проф. (Ресей)
Неклюдов И.М. проф., академик (Украина)
Нур Изура Удзир проф. (Малайзия)
Перни Стефано проф. (Ұлыбритания)
Потапов В.А. проф. (Украина)
Прокопович Полина проф. (Ұлыбритания)
Омбаев А.М. проф. (Қазақстан)
Өтелбаев М.О. проф., академик (Қазақстан)
Садыбеков М.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Сатаев М.И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Северский И.В. проф., академик (Қазақстан)
Сикорски Марек проф., (Польша)
Рамазанов Т.С. проф., академик (Қазақстан)
Такибаев Н.Ж. проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Харин С.Н. проф., академик (Қазақстан)
Чечин Л.М. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Харун Парлар проф. (Германия)
Энджун Гао проф. (Қытай)
Эркебаев А.Э. проф., академик (Қырғыстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының баяндамалары»
ISSN 2518-1483 (Online),
ISSN 2224-5227 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы қ.)
Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 01.06.2006 ж.
берілген №5540-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.
Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz>, reports-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Главный редактор
д.х.н., проф., академик НАН РК **М. Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

Адекенов С.М. проф., академик (Казахстан) (зам. гл. ред.)
Боос Э.Г. проф., академик (Казахстан)
Величкин В.И. проф., чл.-корр. (Россия)
Вольдемар Вуйцик проф. (Польша)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Гордиенко А.И. проф., академик (Беларусь)
Дука Г. проф., академик (Молдова)
Илолов М.И. проф., академик (Таджикистан),
Леска Богуслава проф. (Польша),
Локшин В.Н. проф. чл.-корр. (Казахстан)
Нараев В.Н. проф. (Россия)
Неклюдов И.М. проф., академик (Украина)
Нур Изура Удзир проф. (Малайзия)
Перни Стефано проф. (Великобритания)
Потапов В.А. проф. (Украина)
Прокопович Полина проф. (Великобритания)
Омбаев А.М. проф. (Казахстан)
Отелбаев М.О. проф., академик (Казахстан)
Садьбеков М.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Сатаев М.И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Северский И.В. проф., академик (Казахстан)
Сикорски Марек проф., (Польша)
Рамазанов Т.С. проф., академик (Казахстан)
Такибаев Н.Ж. проф., академик (Казахстан), зам. гл. ред.
Харин С.Н. проф., академик (Казахстан)
Чечин Л.М. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Харун Парлар проф. (Германия)
Энджун Гао проф. (Китай)
Эркебаев А.Э. проф., академик (Кыргызстан)

«Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан»

ISSN 2518-1483 (Online),

ISSN 2224-5227 (Print)

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5540-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г.Алматы, ул.Шевченко, 28, ком.218-220, тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://nauka-nanrk.kz> reports-science.kz

©Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г.Алматы, ул.Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e fdoctor of chemistry, professor, academician of NAS RK **M.Zh. Zhurinov****E d i t o r i a l b o a r d :****Adekenov S.M.** prof., academician (Kazakhstan) (deputy editor in chief)**Boos E.G.** prof., academician (Kazakhstan)**Velichkin V.I.** prof., corr. member (Russia)**Voitsik Valdemar** prof. (Poland)**Goncharuk V.V.** prof., academician (Ukraine)**Gordiyenko A.I.** prof., academician (Belarus)**Duka G.** prof., academician (Moldova)**Ilov M.I.** prof., academician (Tadjikistan),**Leska Boguslava** prof. (Poland),**Lokshin V.N.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Narayev V.N.** prof. (Russia)**Nekludov I.M.** prof., academician (Ukraine)**Nur Izura Udzir** prof. (Malaysia)**Perni Stephano** prof. (Great Britain)**Potapov V.A.** prof. (Ukraine)**Prokopovich Polina** prof. (Great Britain)**Ombayev A.M.** prof. (Kazakhstan)**Otelbayv M.O.** prof., academician (Kazakhstan)**Sadybekov M.A.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Satayev M.I.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Severskyi I.V.** prof., academician (Kazakhstan)**Sikorski Marek** prof., (Poland)**Ramazanov T.S.** prof., academician (Kazakhstan)**Takibayev N.Zh.** prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief**Kharin S.N.** prof., academician (Kazakhstan)**Chechin L.M.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Kharun Parlar** prof. (Germany)**Endzhun Gao** prof. (China)**Erkebayev A.Ye.** prof., academician (Kyrgyzstan)**Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.****ISSN 2224-5227****ISSN 2518-1483 (Online),****ISSN 2224-5227 (Print)**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5540-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of.219-220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz> / reports-science.kz

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 4, Number 314 (2017), 189 – 196

UDC 330.12; 338.4

A.A. Boltaeva

Narxoz University, Almaty city

b_aika01@mail.ru**THE ROLE OF THE STATE IN THE IMPLEMENTATION
OF SOCIAL RESPONSIBILITY OF BUSINESS**

Abstract: The article examines the role of the state in the formation of the concept and principles of social responsibility of business in Kazakhstan.

Large-scale economic reforms implemented in Kazakhstan at the present stage have sharply questioned the relationship between market actors. Particularly important are the problems of interaction between the state, on the one hand, and enterprises, on the other, concerning the social responsibility of the business community, companies and individual business representatives, the definition of the measure of this responsibility and its content.

In this regard, the article analyzes the fair and rational distribution of social burden between the state and business; As well as the formation of the society's right expectations from the state and business, the education of a sense of one's own responsibility for personal well-being. From the successful solution of these tasks depends the speed of development of the institution of social responsibility of business, as well as its effectiveness.

The article proves the necessity and advantages of socially responsible behavior to interested persons, and also reveals the main directions of increasing the social responsibility of business in order to improve management efficiency, increase the welfare of participants in economic relations and the stability of society.

Key words: State, society, entrepreneurialism, social responsibility of business, social reporting, principles of social responsibility of business.

A.A. Болтаева

Нархоз Университеті, Алматы қ.

**МЕМЛЕКЕТТІҢ БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ РОЛІ**

Аннотация: Мақалада мемлекеттің Қазақстандағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің тұжырымдамасы мен қағидаларының қалыптасуындағы ролі қарастырылады.

Заманауи кезеңдегі Қазақстандағы жүзеге асырылып жатқан ауқымды экономикалық реформалар нарық субъектілері арасындағы өзара қарым-қатынас мәселелерін өзектендіруде. Әсіресе, бұл орайда бір жағынан мемлекет, ал екінші жағынан іскерлік қоғамның әлеуметтік жауапкершілігіне қатысты кәсіпорындар мен жекелеген бизнес өкілдерінің осы жауапкершілігінің өлшемі мен мазмұнына қатысты өзара байланыс мәселелері өте маңызды.

Осыған байланысты мақалада мемлекет пен бизнес арасындағы әлеуметтік жүктеменің рационалды бөлінісі, сондай-ақ, қоғамның мемлекет пен бизнеске артатын үмітінің дұрыс болуы, қоғам азаматтарының өзінің жеке басының әл-ауқаты үшін жауапкершілік сезімді қалыптастыру мәселелері талданады. Аталмыш мәселелердің шешілуі бизнестің әлеуметтік жауапкершілік институтының даму жылдамдығы мен оның тиімділігіне тікелей ықпал етпек.

Мақалада мүдделі жақтардың алдында әлеуметтік жауапты мінез-құлықтың артықшылықтары мен қажеттілігі негізделеді, сонымен қатар басқару тиімділігін жоғарылату, экономикалық қарым-қатынастардың қатысушылары мен қоғамның әл-ауқатының өсімі мен тұрақтылығын арттыру мақсатында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттырудың негізгі бағыттары ашылады.

Тірек сөздер: мемлекет, қоғам, кәсіпкерлік, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, әлеуметтік есеп, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің қағидалары.


Қазіргі таңдағы Қазақстанның 30 дамыған елдерінің қатарына кіруі мемлекет пен бүткіл қазақстандық қоғамның өзара мықты байланысын талап етеді. Сондықтан кәсіпкерлік ортада қоғам алдындағы жауапкершілік факторы, әлеуметтік бағытталған бизнестің қалыптасуы бойынша жұмысты жетілдіру қажеттігі туындап отыр.

Бүгінгі таңда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бәсекелестік ортада компаниялардың беделін арттырушы құрал ретінде маңыздылығын арттыра түсуде. Компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігі мемлекет пен қоғам және бизнес арасындағы байланысқа негізделеді.

Қазір бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының ұзақ мерзімді стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі болып танылды. Бұған Қазақстанда 2015-2020 жылдарға арналған бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің Ұлттық тұжырымдамасын жасау айғақ бола алады. Қазақстанның тұрақты дамуына қол жеткізу мақсатында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жүйелі дамытудың бірыңғай тәсілін және компаниялардың қызметіне бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін интеграциялау үшін қолайлы жағдай жасау тұжырымдаманың мақсаты болып табылады. Тұжырымдаманың айрықша ерекшелігі мынада: онда мемлекет, бизнес және азаматтық сектор белсенді рөл атқаратын Қазақстанда серіктестікті тереңдетуге негізделген бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жылжытудың бірыңғай тәсілі қарастырылады [1].

Орталық Азия елдері арасында Қазақстан Республикасы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі саласында көшбасшы болып табылады. Себебі, әлеуметтік жауапкершілікті дамыту үшін алғашқы алғышарттар тәуелсіз Қазақстанда сол кездің өзінде өздерінің әлеуметтік жауапкершілігін көрсете білген шетелдік компаниялардың нарыққа келуіне байланысты 1990 жылдардың орта кезінде пайда бола бастады. Дегенмен, осыған қарамастан, осыдан он жылдай уақыт бұрын бизнестің әлеуметтік жауапкершілік түсінігі Қазақстанда салыстырмалы түрде жаңа түсінік болып саналып келді. Қазіргі таңда, әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі қағидалары туралы халықтың және отандық компаниялардың хабардарлығы өте жылдам қарқынмен артып келеді. Дегенмен, бизнестің әлеуметтік жауапкершілік тұжырымдамасының бірыңғай түсінігі Қазақстанда әзірге қалыптасқа қойған жоқ.

Осыған байланысты алғашқы үкіметтік бастамалардың бірі ретінде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2007 жылы зерттеу жүргізді, оның нәтижесі бойынша жұртшылыққа Қазақстанның жеті өнеркәсіптік саласындағы 40 ірі кәсіпорынның әлеуметтік жауапкершілігі туралы есеп берілді. Сондай-ақ 2008 жылдан бастап осы уақытқа дейін ҚР Президенті тағайындаған бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады.



Сурет 1 – Мемлекет, қоғам және бизнес арасындағы өзара байланыс
Ескерту: автормен құрастырылған

Әлеуметтік жауапкершілік тұрғысында осы үш жақ өзара байланыста болуы тиіс. Мемлекет қазақстандық кәсіпорындардың барлығының да әлеуметтік жауапты болуы үшін барлық

жағдайлар жасайды. Азаматтық сектор өз тарапынан мүдделі болып, жаңа ақпараттарға қызығушылық танытып отыруы тиіс. Ал бизнес, өз кезегінде бизнесті жүргізудің қағидаларымен байланысты оның маңыздылығын жете түсінеді.

2013 жылы САНДЖ зерттеу орталығы жүргізген сауалнаманың нәтижелері бойынша, ҚР бизнесі өкілдерінің тек 63%-ы ғана бизнестің әлеуметтік жауапкер туралы біледі, олардың ішінде ірі компаниялар – 100% хабардар, ал шағын бизнес болса – тек 47% ғана хабардар. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі түсінігіндегі айтарлықтай олқылықтар мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтық қоғам өкілдерінде байқалды. Мемлекеттік қызметкерлер де, сол сияқты азаматтық қоғам өкілдері де бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін тек қайырымдылық ретінде қарастырады [2].

Компаниялардың конкурсқа деген мүдделілігі жыл сайын артып келеді – мысалы, 2014 жылы конкурсқа 584 шағын, орта және ірі кәсіпорын қатысты.

Қазақстандық компаниялар арасында тек 57%-ы ғана бизнес әлеуметтік жауапты болуы тиіс деп санайды. Сонымен қатар, респонденттердің көпшілігі бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі – бұл ірі бизнестің, сондай-ақ мұнай-газ және тау-кен өндіретін кәсіпорындар сияқты қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына зиян келтіретін компаниялардың айрықша құзіреті деп жорамалдайды. Орта және ірі бизнеске қарағанда, шағын бизнес қазіргі таңда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі белсенді тартылуға дайын емес [3].

Қаржылай қаражаттың жетіспеушілігі; мемлекет тарапынан ынталандырудың болмауы; сәйкес білім мен дағдылардың жеткіліксіздігі; нормативтік-құқықтық базаның жетілдірілмеуі; қоғамның хабарсыз болуы; көпшіліктің компаниялардың қоғамға қосқан үлестерін және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің тиімділігін өлшеудің қиындығын жеткілікті түрде мойындамауы компаниялардың әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруына кедергі келтіретін негізгі факторлар болып табылады. ҚР Салық кодексінде қайырымдылыққа 3% мөлшерінде салықтық шегерістердің қарастырылғанына қарамастан, көптеген компаниялар үшін бұл ынталандырма болып табылмайды, себебі мөлшерлеме аса көп емес, ал бұл шегеріндіні растау үшін құжаттарды өткізу тәртібі бюрократизмнің жоғары деңгейімен сипатталады [4].

Мемлекеттік органдардағы респонденттер арасындағы КӘЖ туралы хабардарлықты талдау көзқарастардың қарама-қарсылығын көрсетті: мемлекеттік қызметкерлер шенеуніктер КӘЖ туралы біледі деген пікірді ұстанады, бизнес өкілдері, жұртшылық оң бағалауға қатысты біршама ұстамды болды, олардың пікірі бойынша, мемлекеттік құрылымдарда: КӘЖ-дің мазмұнды жағын жеткілікті мөлшерде терең түсінудің, негізінен қайырымдылықпен шектелгені байқалады.

КӘЖ-ді тек биліктің тек жоғарғы құрамының тобында, басқарушы құрамның арасында, өзінің қызметі жағынан бизнеспен шектесетін құрылымдарда (әкімдер, кәсіпкерлікті, әлеуметтік қорғауды, білім беруді, экологияны басқару) ғана түсіну.

<i>Бизнестің, жұртшылықтың пікірі</i>	<i>Мемлекеттік қызметкерлердің пікірі</i>
<p>«Мемлекеттік қызметкерлер КӘЖ туралы міндетті түрде білулері тиіс. Іс жүзінде, хабардарлық тұрғысынан алғанда, олар бұл түсінікті өте шектеулі: тек қайырымдылық ретінде ғана қабылдайды. Ал бұл тек КӘЖ-дің бір бөлігі ғана...» (ҮЕҰ-мен интервьюден үзінді)</p> <p>«Мемлекеттік қызметкерлердің арасынан тек «жоғарыда отырғандар» ғана КӘЖ туралы білдеі, мемлекеттік құрылымдардың қатардағы қызметкерлері еш нәрсе білмейді» (бизнес-қауымдастықпен интервьюден үзінді)</p> <p>«Мемлекеттік қызметкерлер КӘЖ туралы міндетті түрде білулері тиіс. Мен, бұған оларды тікелей мүдделі деп есептеймін. Себебі өзінің салықтық міндеттемелерін, зейнетақы аударымдарын адал орындайтын, демалыс беретін кәсіпорында ұжыммен ешқандай қиындық туындамайды. Адамдар көтеріліске шығып, төңкеріс жасамайды. Бұл дегеніміз жергілікті билік жайбарақат бола алады дегенді білдіреді.</p>	<p>«Менің ойымша, мемлекеттік қызметкерлер бәрін білетін сияқты. Дегенмен, осы секторға қатысты проблеманы қозғамайтын жұмыстың спецификасы туралы түсінік әлсіз болуы мүмкін, бірақ хабардарлық бар» (әкімдіктің өкілі)</p> <p>«Өзірге тек мемлекеттік қызметкерлер ғана КӘЖ-дің мәнін жақсы түсінетін болып шықты. Осыдан 5 жыл бұрын, Кәсіпкерлер одағы Жұмыспен қамтуды үйлестіру басқармасымен бірлесіп КӘЖ туралы тақырыпқа үлкен дөңгелек стол өткізді. Әкімдіктер КӘЖ-ді насихаттау, бұл тақырыпты алға жылжыту туралы тапсырма алды, олар – «идеяға қозғау салушылар». Және бұл өте орынды, себебі «Парыз», «Ұжымдық шарт жаса» деген сияқты конкурстарға қатысуға мәжбүрлейміз, кәсіпкерлер әлеуметтік жауапкершілік туралы ойлана бастады».</p>

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін алға жылжыту жөніндегі қазіргі мемлекеттік саясат (әзірленген және жүзеге асырылып жатқан құжаттар/бағдарламалар, іс-шаралар) туралы

хабардарлықты талдау бизнестің сұралған өкілдерінің (сұралғандардың 73%-ы) ҚР Президентінің Жолдауынан біраз хабардар екендігін көрсетті. Респонденттер атап көрсеткендей, ҚР Президентінің жыл сайынғы Жолдауы барлық ақпараттық арналар арқылы кеңінен таратылады және ары қарай елдің барлық саясаты белгіленген мақсаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Әсіресе, бұл құжатта бизнесті әлеуметтік тұрғыдан жауапты болуға шақырады, сәйкесінше, мемлекет бизнеске әлеуметтік жауапкершілік саясатын енгізу және ұлғайту туралы талаптар қоятын болады [5].

Мемлекеттік қызметкерлерге арналған ақпараттық-ағартушылық және білім беру бағдарламаларында, сондай-ақ келесілерге баса назар аудару қажет: мемлекеттік органдарға арналған КӘЖ саясатын жүзеге асыру ерекшеліктеріне (мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметтеріне әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын енгізу, респонденттердің төрттен бір бөлігінің пікірлері бойынша, елде КӘЖ-ді дамытуды ынталандырудың бірі болып табылады); КӘЖ-дің негізгі қағидаларының бірі ретінде есеп беруге міндеттілік және ашықтық мәселелеріне (жергілікті билік органдарында әлеуметтік инвестицияларды пайдалану жөнінде есеп беруге міндеттілік пен ашықтықтың жоқтығы респонденттердің пікірі бойынша, елде КӘЖ-ді жылжытудағы басты кедергілердің бірі болып табылады); КӘЖ саясатын жүзеге асырған кезде билік, бизнес және азаматтық сектор өкілдерінің өзара әрекет ету тетіктеріне (әсіресе, әлеуметтік инвестицияларды пайдаланған кезде, олардың артықшылықтарын анықтаған кезде мемлекет пен бизнес жұртшылықты тартуы тиіс. Әкімдіктер жанындағы қоғамдық кеңестер өңірдің мұқтаждықтарына зерттеулер жүргізу және т.б. мұндай өзара әрекеттестікті жүзеге асыру тетіктері болуы мүмкін) [6].

Ақпараттық кампанияларды және білім беру бағдарламаларын өткізген кезде КӘЖ саясатын/бағдарламаларын жүзеге асырудағы халықаралық және ұлттық тәжірибенің ең үздік практикаларын көрсету, КӘЖ-ді бұқаралық ақпарат құралдарына, салалық іс-шараларға, компания сайттарына енгізу жөніндегі ең үздік тәжірибені ашып көрсету өте маңызды.

Жүргізілген зерттеулер, қоғамда мемлекеттің, бизнеспен үкіметтік емес ұйымдардың бірлескен күш-жігерлері ғана елде КӘЖ идеялары мен қағидаларын дамыту үшін жағдай жасауы мүмкін деген түсініктің қалыптасып келе жатқандығын көрсетті.

2014 жылы 26-27 маусымда Парижде (Франция) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы ұйымдастырған бизнесті жауапты жүргізу жөніндегі Ғаламдық Форум өтті. Бұл жиынға Қазақстанның Ұлттық кәсіпкерлері палатасының өкілі қатысты. Форум аясында Қазақстан Республикасында Ұлттық кәсіпкерлер палатасы талқылаған Қазақстанның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің Ұлттық тұжырымдамасы жобасы ұсынылды.

Форумның жұмыс жасауы барысында Қазақстан мен Грузиядағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мәселелеріне арналған арнайы жинақтамалы сессиясы өтті. Талқылау қорытындысы бойынша, Қазақстанға осы саладағы қызметіне қатысты жоғары баға берілді.

Бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі мәселелері жөніндегі ЭЫДҰ жұмыс тобының кездесуінің қорытындысы бойынша, КӘЖ қағидаларын Қазақстанда жылжыту жөнінде жасалатын ары қарайғы қадамдар анықталды [7].

Қазіргі уақытта Тұжырымдаманың жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілді. 18 наурызда Астана қаласында Астана қаласындағы Ұлыбритания елшілігінің қолдауымен құқықтық саясатты зерттеу орталығы, БҰҰ-ның *Адам құқықтары жөніндегі Жоғары басқармасының Орталық Азия үшін аймақтық бөлімі*, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және Almaty Management University ұйымдастырған «Бизнесті жауапты жүргізу стандарттарын саясат пен тәжірибеге енгізу – ұлттық және халықаралық тәжірибе» атты халықаралық конференция өтті.

Дүниежүзілік экономикалық форумның бағалауы бойынша, 2013-2014 жылдардың ішінде Қазақстан 50-орын алды (144 елдің арасынан), бұл жерде жоғары қарай 4-пункте көтеріліп, қалыптасқан «Еңбек нарығының тиімділігі» факторы бойынша – 15-орынды иеленді. Рейтингте жұмыс берушілер мен жалдамалы жұмысшыларға қатысты серіктестік, жалақыны белгіленген кездегі икемділік, жұмысқа жалдау және жұмыстан босату тәжірибесі, еңбекке ақы төлеу және еңбек өнімділігі, жұмыстан босатумен байланысты шығындар, әйелдердің жұмысқа араласуы сияқты көрсеткіштер бағаланады.

15-орын Қазақстанға жалпы икемділік (5,1), жалақыны белгілеу икемділігі (5,7), резервтегі шығындар (8,7), жалақы мен еңбек өнімділігінің арақатысы (4,7), таланттарды пайдалану (4,7)

сияқты көрсеткіштерді қамтамасыз етті. Бұл факторда ерлермен салыстырғанда әйелдер санының аз болуы ең нашар көрсеткіш болып отыр (0,9) [8].

Адам құқығы тақырыбы бизнес үшін өте өзекті болып келе жатыр. Еуропалық одақ өткен жылы бизнес үшін қаржылық емес көрсеткіштерді ашу жөнінде директива қабылдады, оның ішінде ол жерде адам құқығы және гендерлік теңдік мәселесі бар. Қазір дәл қандай индикаторлар бойынша компаниялар есеп беретіндігі туралы нұсқаулық әзірленіп жатыр. Егер компаниялар есеп бермейтін болса, оларға аудит өткізілетін болады. Батыс елдерінің компанияларында адам құқығы саласында бизнес-компаниялар қызметінің аудиті пайда болады.

Мемлекет қоғамдық шартқа сәйкес өзіне жүктелген елдегі халықтың алдындағы өзінің міндеттерін дәйекті түрде азайтып келеді, ал бұл халықтың арасында өздерінің негізгі қажеттіліктерін өз бетінше қамтамасыз ету иә болмаса тиісті проблемаларды шешу үшін ресурстардың (қаржылай және уақытша) көп мөлшерін жұмсау қажеттігінің қалыптасуына әкеледі. Сонымен қатар көптеген ұйымдар басқару жүйесін қалыптастыра отырып, қызметкерлер есебінен өз қателіктерін қаржыландыруға басымдық береді, мұндай жағдайда іс жүзінде қатардағы қызметкерлердің шешім қабылдау жөніндегі өкілеттіктерінің толықтай жоқ болғанына қарамастан, басқарушылардың қателіктері үшін жауапкершілік тікелей немесе жанама түрде қатардағы қызметкерлерге жүктеледі. Осылайша, мұндай кезде қатардағы қызметкер мен төменгі топтағы менеджер өздерін қорғансыз сезінетін жүйе қалыптасады, ал бұл жайт олардың еңбек өнімділігіне кері әсерін тигізеді [9].

Отандық бизнестің әлеуметтік бағдарлануы, ірі, орта және шағын бизнес кәсіпкерлерін өз қызметкерлері үшін де, сол сияқты қоғам үшін де маңызды болып табылатын әлеуметтік мәселелерді шешуге ынталандыру – бұл жалпы алғанда, қазақстандық қоғамды әлеуметтік дамытудың негізі.

Сонымен қатар қазіргі таңда қазақстандық экономикада жергілікті қоғамның дамуына қомақты үлес қосқан ұйымды емес, қызметкерлерінің алдындағы өз міндеттемелерін толық орындайтын және оларға құрмет көрсететін ұйымды әлеуметтік жауапты кәсіпорын ретінде түсіну ұсынылып отыр.

Көптеген бизнесмендер үшін нарықта табысты болуы көбіне, оның елдегі әлеуметтік салаға салатын инвестицияларының көлеміне байланысты екендігі айқын бола бастады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жоғары корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік фирманың немесе кәсіпорынның дұрыс беделін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, компанияға белгілі бір оң пайдалар береді [10].

Сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік менеджменті жүйесін, өнеркәсіптік қауіпсіздік және сапа менеджменті жүйесін енгізу «НұрОтан» партиясының фракциясы жанында құрылған Экономикалық саясат жөніндегі кеңесте талқыланды. Кеңестің көшпелі мәжілісі осы жылдың маусым айында ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінде өтті. Дөңгелек столға қатысушылар атап өткендей, «ЭКСПО-2017» қарсаңында осыған ұқсас стандарттарды енгізу және «Жасыл экономика» бағдарламасын жүзеге асыру ерекше өзекті.

2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының «Әлеуметтік жауапкершілік. Талаптар» ұлттық стандарты (Socialac countability international (Mod)), қысқартып айтқанда ҚР СТ 1352-2012 (SA 8000:2008, Mod) қолданысқа енгізілді. Стандарт жұмыс берушінің әлеуметтік жауапкершілігі мәселелерінде корпоративтік құндылықтарды алға жылжыту мақсатында енгізілген және ғаламдық ауқымда ұйымның әлеуметтік жауапкершілігіне қойылатын тиімді талаптардың таралуына түрткі болады.

Өзірге реттеуші құралдардың КӘЖ-ді ТМД елдеріне енгізу жөнінде бизнеске (зандар, үкіметтік қаулылар мен бағдарламалар) ынталандырма болып табылатындығын еске салу қажет. Келешекте ТМД елдерінің ішкі моделі біртіндеп еуропалық модельге өзгеруі мүмкін, бұл саяси және экономикалық интеграциялық үдерістермен байланысты, дегенмен бұл үдеріс жылдам жүре қоймайды.

Дегенмен, қазіргі таңда Қазақстан 13 ірі компаниясы мен 11 қоғамдық ұйымы БҰҰ-ның Ғаламдық шартына (ары қарай – FШ) қатысатын болды. Егер ТМД-ның басқа елдері туралы айтатын болсақ, төменде берілген диаграммадан көріп отырғанымыздай, FШ-ға бизнестің қатысуы жағынан Украина көшбасшы болып табылады. Халықаралық деңгейде FШ-да 55 украиналық

компания ұсынылған. Украиндық бизнестің КӘЖ-ді бәсекелік артықшылық және өзінің бизнес-стратегиясының бір бөлігі ретінде қарастыратындығын атап өту қажет. Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменістан және Өзбекстан компаниялары БҰҰ ҒШ-да ұсынылмаған. Беларусь өзінің отыз бес қатысушы компаниясын, Ресей 28 компаниясын ұсынған [10].

Әлемдік тәжірибеде әлеуметтік жауапкершілік менеджменті жүйесі бар. SA 8000 – стандарты жұмыс жасау ортасында адам құқықтарын басқару жөніндегі талаптарды қамтиды. Стандарт әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып басқарылатын жұмыс үдерісін қалыптастыруға бағытталған және бұл стандартты штаб-пәтері АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында орналасқан Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі халықаралық ұйым әзірлеген.

SA 8000 стандарты әлемнің әр түрлі елдеріндегі жұмыс жағдайын жақсарту мақсатында жасалған халықаралық стандарт болып табылады. Бұл стандарт Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) конвенциясының, Адам құқықтары мен балалар құқықтарының жалпыға бірдей Декларацияларының қағидаларына негізделген. Талаптар жұмысшыларды қорғауға, жұмысшыларға құрметпен қарауға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ еңбек қарым-қатынасы барысында адам құқықтарының бұзылу жағдайын болдырмауға бағытталған.

Осы орайда, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейін Менеджмент жүйесін дамыту тұжырымдамасына сәйкес, «2010 жылдан 2015 жылға дейін OHSAS 18001 енгізген барлық кәсіпорындарда, мұнай және газды өндіретін және өңдейтін кәсіпорындар мен құрылыс кешені кәсіпорындарында «Әлеуметтік жауапкершілік» (SA 8000) менеджменті жүйесі 100% енгізілуі тиіс» болатын.

Бұл өз кезегінде, қазақстандық компаниялардың әлемдік стандарттар аясында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің деңгейін көтере түсетіні анық [11].

Ғаламдық экономикалық дағдарыс әлеуметтік жауапкершілік деңгейі мен түрленетін экономикалық нәтиженің арасында тікелей байланыстың бар екендігін анық көрсетті, себебі әлеуметтік жауапкершілік деңгейі орташадан жоғары болмаған кәсіпорындар сыртқы ортаның кері үрдістеріне біршама төзімді болып шықты және өсу траекториясына тез арада қайтып оралатындығын көрсетті. Бұл жағдай әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорынды басқару аппаратының негізгі функцияларының бірі ретінде мойындауға мүмкіндік береді және соның салдарынан оны орындау сапасын бағалау қажеттігін тудырады.

Егер біздің елге берілетін кеңестер туралы айтатын болсақ, біздің мемлекетке бизнеске қатысты шешімдер қабылдаған кезде адам құқықтары жөнінде сараптама енгізу енгізу қажет. Сонымен қатар, отандық сатып алулар тұжырымдамасы күшейтуді қажет етеді. Әрине, қазіргі таңда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі ірі компаниялардың ісі болып саналуы, ал шағын және орта бизнестің бір шетте қалып қоюы – дұрыс емес, бұлардың барлығы ортақ іске қатысты жауапкершілікке тартылуы тиіс [12].

Қазақстанда бірнеше саланы тез арада жақсарту талап етіліп отыр. Бірінші кезекте – жұртшылыққа бағдарланған сенімді және уақытылы ақпараттың болуы, екіншісі – жұртшылықтың компания қызметінің экологиялық аспектілері бойынша ақпаратқа қолжетімділігін жақсарту, сондай-ақ қоршаған орта үшін, денсаулық пен қауіпсіздік үшін тауарлар мен өнімдердің тәуекелін бағалау жүйесінің тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету, мысалы, қоршаған ортаға тигізетін әсерлерді бағалау, химиялық заттарды тіркеу. Сонымен қатар, компаниялар қызметінің экологиялық аспектілерінің ерікті жүйелерін және өздігінен реттеуді енгізу қажет.

Қазақстанда мемлекеттік саясатты және кәсіпкерлік тәжірибені қалыптастыру үдерісінде адам құқықтары аспектісінде БҰҰ-ның Жетекші қағидаларының кәсіпкерлік қызмет туралы ережелерін енгізу елде адам құқықтарын қорғауды реттейтін заңдардың өте көп екендігін еске түсірді және қазір кәсіпкерлік қызмет саласында адам құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін қандай кемшіліктердің бар екендігін және заңнама мен тәжірибені қалай жетілдіру керектігін анықтау қажет. Бұл өте қажет, себебі әлемдік экономиканы заманауи дамыту экономикалық өсуді, тұрақты даму мен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті енгізуді талап етеді. Бұл мәселелерді Қазақстанда алға жылжыту үшін, елдік ағартушылық компания жүргізу қажет, себебі қазір елде хабардарлық проблемасы және бизнестің, сол сияқты мемлекеттік органдардың осы стандарттарды бірыңғай түсіну проблемасы бар.

Екінші қолданылуы тиіс шаралардың бірі – бұл стейкхолдерлер коалициясын: өкінішке орай, қазір әзірге жоқ болып тұрған ең жақсы үйлестіру, хабардар ету және ынтымақтастық жасау үшін мемлекеттік органдар, бизнес және қоғамдық ұйымдар коалициясын құру [13].

Бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін дамытудың Ұлттық стратегиясын әзірлеу және қабылдау Қазақстандағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамытуды ынталандыратын негізгі факторлардың бір болып табылады. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамытудың ұлттық стратегиялары оны дамыту мақсаттары мен міндеттері және оларға қол жеткізу тетіктері нақты көрсетілген мемлекеттік саясаттың негізгі құжаттары болып табылады. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін Ұлттық стратегиясында бизнестің, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі идеяларын алға жылжытудағы өзара әрекет ету тетіктері мен формалары қарастырылуы тиіс. Бұл компанияларға сұхбаттасу және мүдделі тараптардың үміттерін, мүдделерін ескеру және компаниялардың өздерінің стейкхолдерлерімен өзара әрекет етуінің төмен деңгейін еңсеру тәжірибесін жинақтауға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Принята концепция по социальной ответственности бизнеса. – <http://fprk.kz/ru/>
- [2] Центр исследований Сандж. Корпоративная социальная ответственность в Казахстане: ситуация, проблемы и перспективы развития. – Астана: Сандж, 2013. – 97 с.
- [3] Данаева З. Социальная ответственность компаний //ExpertKazakhstan. – 2004. – № 6 (8). – С.17-21.
- [4] Корпоративная социальная ответственность. Case-study: на примере 30 компаний Казахстана. LPRC, 2015;
- [5] Бизнес на пути к социальной ответственности. <https://vlast.kz>
- [6] Артемьев А., Касенова Н., Линдберг И., Торьесен С. Корпоративная социальная ответственность в Казахстане: от обязательств к стратегическим инвестициям. – SIGLA,2015
- [7] Концепцию корпоративной социальной ответственности бизнеса в Казахстане обсудили на Глобальном форуме по ответственному ведению бизнеса <http://palata.kz>
- [8] Smirnova Perceptions of corporate social responsibility in Kazakhstan //Social Responsibility Journal. – 2012. – Т. 8.– № 3. – С. 404-417.
- [9] Baisakalova A. Survey on Corporate Social Responsibility in Kazakhstan // Journal of Global Management. – 2012. – Т. – № 1.– С. 74-9.
- [10] В Казахстане конфликты между бизнесом и человеком остаются скрытыми <https://vlast.kz/biznes/>
- [11] SA 8000 «Социальная ответственность» - <http://naceks.kz>
- [12] Potluri M., Batima Y., Madiyar K. Corporate social responsibility: a study of Kazakhstan corporate sector // Social Responsibility Journal. – 2010. – Т. 6. – № 1. – С. 33-44.
- [13] Стратегия социальной ответственности бизнеса – <http://www.kazenergy.com>

REFERENCES

- [1] Prinyata kontseptsiya po sotsial'noy otvetstvennosti biznesa. <http://fprk.kz/ru/>
- [2] Tsentr issledovaniy Sandzh. Korporativnaya sotsial'naya otvetstvennost' v Kazakhstane: situatsiya, problemy i perspektivy razvitiya. Astana: Sandzh, 2013. 97 s.
- [3] Danayeva Z. Sotsial'naya otvetstvennost' kompaniy //ExpertKazakhstan. 2004. № 6 (8). S.17-21.
- [4] Korporativnaya sotsial'naya otvetstvennost'. Tematicheskoye issledovaniye: na primere 30 kompaniy Kazakhstana. LPRC, 2015;
- [5] Biznes na puti k sotsial'noy otvetstvennosti. <https://vlast.kz>
- [6] Artem'yev A., Kasenova N., Lindberg I., Tor'yesen S. Korporativnaya sotsial'naya otvetstvennost' v Kazakhstane: ot obyazatel'stv k strategicheskim investitsiyam. SIGLA,2015
- [7] Kontseptsiyu korporativnoy sotsial'noy otvetstvennosti biznesa v Kazakhstane obsudili na Global'nom forumе po otvetstvennomu vedeniyu biznesa <http://palata.kz>
- [8] Smirnova Perceptions of corporate social responsibility in Kazakhstan //Social Responsibility Journal. 2012. Т. 8. № 3. С. 404-417.
- [9] Baisakalova A. Survey on Corporate Social Responsibility in Kazakhstan // Journal of Global Management. 2012. Т. № 1. С. 74-9.
- [10] V Kazakhstane: konflikty mezhdru biznesom i chelovekom <https://vlast.kz/biznes/>
- [11] SA 8000 «Социальная ответственность» - <http://naceks.kz>

[12] Potluri M., Batima Y., Madiyar K. Corporate social responsibility: a study of Kazakhstan corporate sector // Social Responsibility Journal. 2010. Т. 6. № 1. С. 33-44.

[13] Strategiya sotsial'noy otvetstvennosti biznesa – <http://www.kazenergy.com>

УДК 330.12; 338.4

А.А. Болтаева

Университет Нархоз

РОЛЬ ГОСУДАРСТВА В РЕАЛИЗАЦИИ СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ БИЗНЕСА

Ключевые слова: государство, общество, предпринимательство, социальная ответственность бизнеса, социальная отчетность, принципы социальной ответственности бизнеса.

Аннотация: В статье рассматривается роль государства в формировании концепции и принципов социальной ответственности бизнеса в Казахстане.

Осуществляемые в Казахстане масштабные экономические реформы на современном этапе актуализировали вопросы взаимоотношений между субъектами рынка. Особенно важными являются проблемы взаимодействия государства, с одной стороны, и предприятий, с другой, касающейся социальной ответственности делового сообщества, компаний и отдельных представителей бизнеса, определения меры этой ответственности и ее содержания.

В связи с этим в статье анализируются справедливое и рациональное распределение социальной нагрузки между государством и бизнесом; а так же формирование у общества правильных ожиданий от государства и бизнеса, воспитание чувства собственной ответственности за личное благополучие. От успешного решения этих задач зависит скорость развития института социальной ответственности бизнеса, а также его эффективность.

В статье обосновывается необходимость и преимущества социально ответственного поведения перед заинтересованными лицами, а также раскрываются основные направления повышения социальной ответственности бизнеса в целях повышения эффективности управления, роста благосостояния участников экономических отношений и стабильности общества.

МАЗМҰНЫ
Техникалық ғылымдар

Азаматов Б.Н., Ожикенев Қ.А., Азаматова Ж.Қ. ЖЭС гидравликалық күлжою жүйесінде геометриясы басқарылатын гидроциклондар батареясын автоматты басқару 5

Қоғамдық ғылымдар

Қалдыбай Қ.Қ., Пазылова Қ.А. Агрессия концепциясын теориялық тұрғыдан әлеуметтік-психологиялық талдау.... 14

Техникалық ғылымдар

Сахметова Г.Е., Бренер А.М., Калдыбаева Б.М., Абиьмагжанов А.З. Биогазды өндіру үшін қондырғыларды жобалау кезінде ауқымды өтпе мәселелерінің режимдік аспектілері..... 21

Ахметов Б.С., Қартбаев Т.С., Досжанова А.А. Ақпараттарды нейрожелілік биометриялық қорғау құралдарына төнетін қауіпке қарсы тұру әдістері..... 28

Мукажанов Н.К., Кисанов А. М., Мусапирова Г.Д. Кеңістіктік объектілер образын тану бойынша зерттеу..... 35

Найзабеков А.Б., Волокитина И.Е. Мыс микроқұрылымның эволюциясына ТКББ әсерін зерттеу 41

Цекич Н. Қазіргі заманғы экологиялық қалалық сәулет кешенін жобалау..... 48

Ожикенев Қ.Ә., Рахметова П.М., Ожикен А.Қ. Манипуляциялық роботты адаптивті басқару жүйесіндегі динамикалық үрдістерді бейімді тұрақтандыру..... 58

Ракишев Б.Р., Прокопенко В.И., Череп А.Ю., Ковров А.С. Топты карьерлер жұмысы кезінде бұзылған жер бетін жөндеудің ерекшеліктері..... 66

Аграрлық ғылымдар

Баймұқанов Д.А., Баймұқанов А., Юлдашбаев Ю.А., Исхан К.Ж., Алиханов О., Дошанов Д. F₄ сүлесіндегі қазак дромедар түйесінің өнімділігі..... 74

Химия

Суербаев Х.А., Құдайбергенов Н.Ж., Елібай К.Б. Терминалды олефиндерді палладий фосфин комплекстері қатысында көмітек моноксидіжәне спирттермен карбонилдеу 85

Биология

Абайлдаев А.О., Неупокоева А.С., Рахымгожин М.Б., Ходаева А.С., Ботбаев Д.М., Аширбеков Е.Е., Куланбаев Е.М., Хансеитова А.К., Балмуханов Т.С., Айтхожина Н.А. Қазақстан популяциясындағы сүт безі ісігі диагнозына шалдыққан наукастардың *LSP1* гені өзгеріштігінің ассоциациясы..... 108

Қоғамдық ғылымдар

Кишибекова Г. К., Омарханова Ж. М. Қазақстан республикасы ауыл шаруашылығы дамуын қаржымен қамтамасыз ету..... 115

Абдулина Г.А., Сейтхамзина Г. Ж. Заманауи кәсіпорындардың әлеуметтік даму проблемалары 126

Абылкасимова Ж.А., Алибаева М.М., Орынбекова Г.А., Ракишев А.А. Қазіргі жағдайдағы Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің экономикалық интеграциясы..... 136

Азатбек Т.А., Байтеңізов Д.Т. Ғылыми білім жүйесіндегі өзін-өзі жұмыспен қамту 142

Аюпова З.К., Құсайынов Д.Ө. Қазақстан республикасының құқықтық саясаты мемлекеттілікті нығайтудың басты механизмі ретінде..... 150

Рамазанов А.А., Кажмуратова А.К., Тымбаева Ж.М. Қазақстан республикасының мұнай нарығының экономикалық өлшемі 157

Сембиева Л.М., Бекбенбетова Б.Б., Бейсенова Л.З. ЕЭҚ-тың Қазақстан кредиттік жүйесі проблемалары мен Келешегі..... 167

Удербаетова С.К. Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының «Еңбектер» жинағындығы орталық азияның көшпелі халықтарының тарихы..... 177

Болтаева А.А. Мемлекеттің бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жүзеге асырудағы ролі 189

СОДЕРЖАНИЕ

Технические науки	
<i>Азаматов Б.Н., Ожикенев К.А., Азаматова Ж.К.</i> АСУбатарей гидроциклонов с управляемой геометрией в системе ГЗУ ТЭС.....	5
Общественные науки	
<i>Калдыбай К.К., Пазылова К. А.</i> Социально-психологической анализ концепции агрессии.....	14
Технические науки	
<i>Сахметова Г.Е., Бренер А.М., Калдыбаева Б.М., Абиьлмагжанов А.З.</i> Режимные аспекты проблемы масштабного перехода при проектировании установок для производства биогаза.....	21
<i>Ахметов Б.С., Картбаев Т.С., Досжанова А.А.</i> Методы противодействия средствам биометрико-нейросетевой защиты информации.....	28
<i>Мукажанов Н.К., Кисапов А. М., Мусатирова Г.Д.</i> Исследования по распознаванию образов пространственных объектов.....	35
<i>Найзабеков А.Б., Волокитина И.Е.</i> Исследование влияния круп на эволюцию микроструктуры меди.....	41
<i>Цекич Н.</i> Комплексное проектирование в современной экологической городской архитектуре.....	48
<i>Ожикенев К.А., Рахметова П.М., Ожикен А.К.</i> Адаптивная стабилизация динамических процессов в системе управления манипуляционным роботом.....	59
<i>Ракишев Б.Р., Прокопенко В.И., Череп А.Ю., Ковров А.С.</i> Особенности горнотехнической рекультивации нарушенных земель при разработке группы карьеров	66
Аграрные науки	
<i>Баймуканов Д. А., Баймуканов А., Юлдашбаев Ю. А., Исхан К., Алиханов О., Дошанов Д.</i> Продуктивность верблюдов дромедаров казахского типа F ₄	74
Химия	
<i>Суербаев Х.А., Кудайбергенов Н.Ж., Елибай К.Б.</i> Карбонилирование терминальных олефинов монооксидом углерода и спиртами в присутствии фосфиновых комплексов палладия.....	85
Биология	
<i>Абайлдаев А.О., Неупокоева А.С., Рахымгожин М.Б., Ходаева А.С., Ботбаев Д.М., Аширбеков Е.Е., Куланбаев Е.М., Хансеитова А.К., Балмуханов Т.С., Айтхожина Н.А.</i> Ассоциация вариабельности в гене <i>LSP1U</i> пациентов с диагнозом рак молочной железы в популяциях казахстана.....	108
Общественные науки	
<i>Кишибекова Г. К., Омарханова Ж. М.</i> Финансовое обеспечение развития сельского хозяйства республики Казахстан.....	115
<i>Абдулина Г.А., Сейтхамзина Г. Ж.</i> Проблемы социального развития современных компаний.....	126
<i>Абылкасимова Ж.А., Алибаева М.М., Орынбекова Г.А., Ракишев А.А.</i> Экономическая интеграция субъектов агропромышленного комплекса Казахстана в современных условиях.....	136
<i>Азатбек Т.А., Байтенизов Д.Т.</i> Самозанятость в системе научного знания.....	142
<i>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</i> Правовая политика республики Казахстан как важный механизм укрепления государственности.....	150
<i>Рамазанов А.А., Кажмуратова А.К., Тымбаева Ж.М.</i> Экономическое измерение нефтяного рынка Республики Казахстан	157
<i>Сембиева Л.М., Бекбенбетова Б.Б., Бейсенова Л.З.</i> Проблемы и перспективы развития кредитной системы Казахстана в рамках ЕАЭС.....	167
<i>Удербаетова С.К.</i> Отражение истории кочевых народов Центральной Азии в «Трудах» Оренбургской ученой архивной комиссии.....	177
<i>Болтаева А.А.</i> Роль государства в реализации социальной ответственности бизнеса.....	189

CONTENT

Technical sciences	
<i>Azamatov B.N., Ozhikenov K.A., Azamatova Zh. K.</i> ACS of the set of hydrocyclones with a variable geometry in the system of HAR TPP	5
Social Sciences	
<i>Kaldybay K.K., Pazylova K.A.</i> Socio-psychological analysis of the concept of aggression.....	14
Technical sciences	
<i>Sakhmetova G.E., Brener A.M., Kaldybaeva B.M., Abilmagzhanov A.Zh.</i> "Regime aspects of the scale -up problem while designing installations for biogas production	21
<i>Akhmetov B.S., Kartbayev T.S., Doszhanova A.A.</i> Methods of counteraction to means of biometric-neural network protection of information.....	28
<i>Mukazhanov N.K., Kisapov A.M., Musapirova G.D.</i> Studies on the recognition of images of spatial objects.....	35
<i>Nayzabekov A.B., Volokitina I.E.</i> Research of the influence of the ecap on the evolution of the microstructure of copper.....	41
<i>Cekic N.</i> Integrated design in contemporary ecological urban architecture.....	48
<i>Ozhikenov K.A., Rakhmetova P.M., Ozhiken A.K.</i> Adaptive stabilization of dynamic processes in the control system of a manipulation robot.....	59
<i>Rakishev B., Prokopenko V., Cherep A., Kovrov A.</i> Features of mining-technical recultivation of disturbed lands during development of mines.....	66
Agricultural science	
<i>Baimukanov D.A., Baimukanov A., Yuldashbaev Yu. A., Ishan K., Alikhanov O., Doshanov D.</i> Productivity of the camelsdromedary of kazakh type F ₄	74
Chemistry	
<i>Suerbaev Kh.A., Kudaibergenov N.Zh., Yelibay K.B.</i> Carbonylation of terminal olefines by carbon monoxide and alcohols in the presence of palladium phosphin complexes.....	85
Biology	
<i>Abaildayev A.O., Neupokoeva A.S., Rahymgozhin M.B., Khodayeva A.Y., Botbayev D.M., Ashirbekov Y.Y., Kulanbayev E.M., Khanseitova A.K., Balmuhanov T.S., Aitkhozhina N.A.</i> Association of variability of <i>ISP1</i> gene in patients with breast cancer from populations of Kazakhstan	108
Social Sciences	
<i>Kishibekova G. K., Omarkhanova Zh. M.</i> Financial security of development of agriculture of the republic of Kazakhstan.....	115
<i>Abdulina G.A., Seitkhamzina G.Zh.</i> Problems of social development of modern companies.....	126
<i>Abylkassimova Zh., Alibaeva M., Orynbekova G., Rakishev A.</i> Economic integration of subjects of the agro-industrial complex of Kazakhstan in modern conditions.....	136
<i>Azatbek T.A., Baitenizov D.T.</i> Self-employment in the system of scientific knowledge.....	142
<i>Ayupova Z.K., Kussainov D.U.</i> Legal policy of the republic of Kazakhstan as important mechanism of strengthening of statehood.....	150
<i>Ramazanov A., Kazhuratova A., Tymbaeva Zh.</i> Economic measurement of the oil market of the Republic of Kazakhstan.....	157
<i>Sembiyeva L.M., Bekbenbetova B.B., Beisenova L.Z.</i> Problems and prospects for the development of the credit system of Kazakhstan within the framework of the EEU.....	167
<i>Uderbaeva C.K.</i> Reflection of the history of the nomadic peoples of Central Asia in the "Proceedings" of the Orenburg archival scientific commission.....	177
<i>Boltaeva A.A.</i> The role of the state in the implementation of social responsibility of business.....	189

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)

<http://www.reports-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т.А. Апендиев*
Верстка на компьютере *А.М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 15.08.2017.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
12,3 п.л. Тираж 2000. Заказ 4.